

Құрман орта мектебінің «Парасат» дебат клубының 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының талдауы

«Парасат» дебат клубының 2023-2024 оқу жылындағы жылдық жоспары құрылып, клуб отырысында президенті болып 11-класс оқушысы Шаймерденова А., бас төрешісі 11-класс оқушысы Аманжолов А. сайланды. Клуб мүшелеріне Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Дебат клубының қызметі жыл сайын қыркүйекте клубтың жалпы жиналысында қабылданатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Дебат клубы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35-тармағы және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алды. Дебат клубының қызметі жариялылыққа, ашықтыққа, әрбір мүшесінің пікірін ескеруге, мәселелерді еркін талқылауға, ұжымдық шешімдер қабылдау қағидаттарына негізделді.

Дебат клубы әкімшілікпен, педагогтермен және өңірлік дебат клубымен өзара тығыз байланыс жасады. Дебат клубы жұмысының негізгі нысаны – дебаттық турнирлер ұйымдастыру және өткізу. Дебаттық турнир Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша жүргізілді. Дебат клубы өз қызметін бүкіл оқу жылы барысында, каникулдарды қоса, іске асырды. Клуб құрамында 23 оқушы бар. Әр кластың өз атауларымен фракциялары бар. Үйірме жұмысы аптасына 8 сағатқа жоспарланды. Дебат клубы – бұл оқушылардың Жалпыұлттық пікірсайыс қозғалысы шеңберінде шығармашылық бірлестігі қызметін атқарады. Дебат клубының қызметі жалпы мәдени, зияткерлік, зерттеу, коммуникативтік, шешендік, азаматтық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Қыркүйек айында клуб мүшелерімен және ата-аналардың қатысуымен «Өзгермелі әлем жағдайындағы отбасы» («Қазіргі заманғы ананың портреті»), «Әкелер мен балалар: қазіргі заманғы трендтер») тақырыбында мектепшілік турнир өткізілді. Қазан айында клуб мүшелері арасында «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» атты мектепшілік турнир өткізілді. Турнирге 8-9-10 класс фракциялары қатынасып, жеңімпаз топтар марапатталды. «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Ақтөбе пікірсайыс орталығының» ұйымдастыруымен өткен аудандық турнирге ««Тайм» фракциясы (Орынбасарова А. 9-класс оқушысы, Хамит А. 8-класс оқушысы) қатынасып, жүлделі 2 орынды иеленді, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Клуб жетекшісі Мединаева Г. Алғыс хатпен марапатталды. 20 қазанда Республика күні мерекесіне орай «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында мектепшілік турнир ұйымдастырылды. Жеңімпаз топтарға мақтау қағаздары тапсырылды.

18 қарашада клуб мүшелері арасында «Қатыгездіксіз әлем» тақырыбында мектепшілік турнир өтті. Мақсаты: Оқушыларды бір-біріне мейірімді қарым-қатынаста, жанашыр, қайырымды болуға тәрбиелеу. Өзін тұлға ретінде құрметтеуге, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға ықпал ету. Пікірсайыста оқушылар әлемде орын алып жатқан қатыгездіктер, отбасылық зорлық-зомбылық, балалардың негізгі мүдделері мен қажеттіліктері туралы ойларын білдірді. Пікірсайыс соңында 9-класстың «Достық» фракциясы 1-орынмен, 10-класстың «Star» фракциясы 2-орынмен марапатталды.

19 желтоқсан күні кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында 1-31 желтоқсан аралығында жүзеге асырылатын «Ақтөбе жастары» жобасының іс-шаралар жоспары бойынша «Парасат» дебат клубының төрағасы 11-класс оқушысы А.Аманжолов ұйымдастыруымен «Бүгінгі заманның құндылығы неде?» тақырыбында мектепшілік турнир өткізілді. Ойынға ұсынылған қарар: БП жас буынның ұлттық құндылықтарды дәріптеудің үздік бағдарламасын ұсынады. Турнирдің мақсаты: Оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар – біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.

28 ақпанда 9 класс оқушыларымен «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» атты мектепшілік турнир өтті. Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін негізгі факторларды айқындау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту. Ойын кезінде оқушылар сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік құрылымдардың экономика арасында қылмысты құрылымдармен біте қайнасып, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, паракорлығы себеп болатынын айтты. Сондай-ақ оқушылар жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептерді атады.

16 наурызда клуб мүшелері арасында «Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды» тақырыбында мектепшілік турнир өтті. Мақсаты: Оқушылардың Ұлыстың Ұлы күні туралы таным-түсініктерін кеңейтіп, Наурыз мерекесінің маңызын айқындау. Турнир барысында оқушылар Наурыз мейрамы табиғаттың жаңаруын, күн мен түннің теңеліп, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі жайында ой қозғады. Наурыз мерекесімен қоса айтылатын «Ұлыстың Ұлы күні» тіркесіндегі ұлыс сөзінің мәнін түсіндіріп, мейрамның түркі халықтарынан шыққанына байланысты деректер келтірді. Пікірсайыс соңында 9-класстың «Достық» фракциясы 1-орынмен, 10-класстың «Star» фракциясы 2-орынмен марапатталды.

Көктемгі каникул кезіндегі іс-шаралар жоспары бойынша 28 наурыз күні «Құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениет» тақырыбында пікірсайыс өтті. Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзін және жеке басын қадірлеп, құрметтеуге шақыру. Турнир барысында оқушылар жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу – олардың қылмысқа ұрынбауына, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз, жағымсыз жағдайлардан тартынуына, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануларына жәрдемдесетінін айтып өтті.

9 класс оқушыларымен «Мемлекеттік рәміздер – ұлттың мақтанышы» атты мектепшілік турнир өтті. Мақсаты: Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің рәміздерін қастерлеп, құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын кезінде оқушылар мемлекеттік рәміздердің ел егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі екенін айтты. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылатындығы айтылды.

Өткізілген жұмыстар желі бетіне орналастырылды.